

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТІЛДІ

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕ АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен**

2025 жылғы 6

№ 5 хаттамасы



**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ
МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БОС ЛАУАЗЫМДАРЫНА
КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

ШҚУ Е 015-25

Екінші басылым

**көшірме № _____
енгізу күні _____**

**Өскемен қ.
2025 ж.**

4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 3 беті
--	---	--

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурстық негізде алмастыру туралы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және университеттің штаттық кестесінде көзделген профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын (бұдан әрі – штаттық лауазымдар) конкурстық негізде алмастыру тәртібін айқындайды..

2. Бос лауазымдарға орналасуға конкурс университетте профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымы болған жағдайда жарияланады.

3. Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасу конкурсына университетте белгіленген біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

4. Сайланған қызметкерлермен еңбек шартының мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже төмендегі нормативтік сілтемелер негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V;

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіптік стандартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы;

««Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 379 бұйрығының



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 4 беті
	ШҚУ Е 015-25	

негізінде енгізілген өзгерістермен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары туралы» № 595 бұйрығы.

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы.

3. Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі;
СІҚЖБӨ	Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілі;
ІСҚЖ	Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;
СХЫАБ	Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылар құрамы;
ҚББ	Құрылымдық бөлімшенің басшысы;
ҚР ШҚУ	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің құжатталған рәсімі

4. Конкурс туралы хабарландыру

4.1 Университетте профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымы болған жағдайда, университет құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын университет сайтында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

4.2 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының атауы;
- орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген жоғары оқу орнының атауы;
- құжаттар тізімі;
- құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже		ШҚУ Е 015- 25	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 5 беті
--	---	--	---	--

4.3 Бос лауазымдар конкурсына өтініш хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірілмей беріледі.

5. Конкурстық комиссияны құру

5.1 Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасуға конкурс комиссиясының (бұдан әрі - Конкурс комиссиясы) саны мен дербес құрамы және оның өкілеттік мерзімдері Басқарма Төрағасының - Университет ректорының бұйрығымен айқындалады.

5.2. конкурс комиссиясы жұмысының негізгі міндеттері:

- конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;
- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- байқауды өткізудің әділдігі мен жариялылығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

- Конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

- конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;

- конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

5.3 Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

- конкурстық комиссияның төрағасы мен Төраға орынбасары - Басқарма мүшелері-университеттің проректорлары қатарынан тағайындалады.;

- Конкурстық комиссия хатшысы-университет қызметкері;

- құрамы бес адамнан кем емес Конкурстық комиссия мүшелері (университеттің штаттық оқытушылары немесе қызметкерлері, персоналды басқару және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі, комплаенс қызметінің жетекшісі, комплаенс- офицер, заңгер - кеңесші, кәсіподақ ұйымының төрағасы (өкілі)).

6. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау

6.1. конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Басқарма Төрағасы-университет ректорының атына өтініш (еркін нысанда) береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы;

- жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалар;

- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалары;

- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (бар болса);



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 6 беті
	ШҚУ Е 015-25	

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 075/е нысан бойынша Медициналық анықтама;

- адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін есепке алу жөніндегі мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 272 бұйрық) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымнан анықтама);

№ 272 бұйрықпен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Университетте жұмыс істейтін тұлғалар конкурсқа қатысу үшін басқарма төрағасы–ректордың атына өтініш және (болған жағдайда) ғылыми еңбектер мен өнертабырларының тізімін тапсырады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) беруге құқылы.

7. Конкурсты өткізу тәртібі

7.1 Университет:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- конкурстың өтетін күні мен орнын анықтайды;
- конкурс туралы хабарландыру орналастырады;
- конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;
- комиссия отырысын ұйымдастырады.

7.2 Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	ШҚУ Е 015- 25	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 7 беті
---	---	---	---

- комиссия университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына үміткерлердің өтінімдерін қарастырады. Конкурсқа қатысушы университетте белгіленген біліктілік сипаттамаларына сәйкес айқындалатын негізгі талаптарға сәйкес келген жағдайда кандидат конкурстың келесі кезеңіне дейін жіберіледі;

- кандидаттармен әңгімелесу өткізу және конкурс қорытындысын шығару.

7.3 Әңгімелесудің мақсаты университетте белгіленген біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

7.4 хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

7.5 Осыдан кейін конкурстық комиссия ашық дауыс беру арқылы кандидатураны осы Ережеге қосымшаға сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге (бұдан әрі - Бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

7.6. Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен білдіріледі.

Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда бірде-бір тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

7.7 Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді.

Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

7.8 Конкурстық комиссияның Конкурс өткізу кезіндегі шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.

7.9 Кандидат, егер оған Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады.

7.10 Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы Ережені сақтай отырып қабылданса, ақырғы болып табылады.

7.11 Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін «Басқарма Төрағасы - Университет Ректорына ұсынылады» немесе «Басқарма Төрағасы



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	ШҚУ Е 015- 25	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 8 беті
--	---	--	--

- Университет Ректорына ұсынылмайды» деген тұжырымдармен ұсынымдар дайындайды.

Комиссия қатысқан адамдарды конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.

7.12 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасуға арналған конкурстың қорытындысы бойынша шарт кемінде 3 жыл мерзімге жасалады. Университеттің ғылыми әлеуетін сақтау, сабақтастықты қамтамасыз ету және білім беру процесінің сапасын арттыру үшін зейнеткерлік жасқа толған адамдармен еңбек шарты тараптардың келісімі бойынша, бірақ кемінде бір жыл мерзімге жасалады.

8. Шағымдану тәртібі

8.1 Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныса алады.

8.2 Комиссияның шешіміне конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар сот тәртібімен шағымдана алады.

9. Өзгерістер

9.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжатпен рәсімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес рәсімделеді және осы Ереже бар барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚП 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Ережеге өзгерістерді басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректор енгізеді, өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қояды.

9.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректор және ҚҚжББ жауапты болады.

9.3 Ереже Директорлар кеңесінде үш жылда бір рет қайта қаралады және міндетті түрде кезекті тексеруді есепке алу парағына жазу енгізіледі.

9.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 9 беті
--	---	--

- нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

- СІҚЖБӨ рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректордың қызметтік жазбасы.

9.5 Лауазымның немесе бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

9.6. Ережені ауыстырған жағдайда, Қоғамдағы күші жойылған барлық Ереженің даналары алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

9.7 Ереженің ескірген нұсқасын ауыстыру және алып қою үшін басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректор және ҚҚЖББ жауапты болады.

9.8 Күші жойылған Ереже күшін жоюдың негізін, күнін, "Күші жойылды" деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, "Күші жойылды" деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа тапсырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

10. Келісу, сақтау және тарату

10.1 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі жүзеге асырады.

10.2 Ережені басқарма мүшесі- академиялық мәселелер бойынша проректор, персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі әзірлейді.

Ереже келісіледі:

- СІҚЖБӨ;

- Комплаенс қызметінің жетекшісі, комплаенс- офицермен;

- Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығымен;

- Заңгер - кеңесшімен.

10.3 Ережені Директорлар кеңесі бекітеді және жойылғанға дейін қолданылады.

10.4 Ереженің түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оның сақталуына Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі жауапты болады.

10.5.Ереженің мазмұнымен құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлері Ереженің түпнұсқасының танысу парағына қол қойып жеке танысқаны үшін , Қоғамға жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде осы



4 	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	ШҚУ Е 015- 25	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 10 беті
--	---	--	---

Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысу керектігін хабарлау ҚББ жауапты болады.

10.6 Ереженің ескерілген жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

10.7 Ереженің есепке алынған жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін жауапкершілік ҚББ жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Басқарма мүшесі- академиялық
мәселелер бойынша проректор



Н.Б.Алимбекова

Персонал және құқықтық қолдау
басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

КЕЛІСІЛДІ:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі
жөніндегі басшылықтың өкілі



И. В. Ровнякова

Комплаенс қызметінің жетекшісі,
комплаенс- офицер



Қ.Е. Жексембаев

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және бақылау бөлімінің жетекшісі



И.К. Сакалбаева

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық
және аккредиттеу бөлімінің жетекшісінің м.а.



Д.К. Ниғманова

Заңгер кеңесші



Д. М. Раева



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық- оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	Келесі тексеру күні 2028 ж. 14 беттің 11 беті
	ШҚУ Е 015- 25	

1 - қосымша

Бюллетень

лауазымға конкурстық іріктеу бойына жасырын дауыс беру үшін

Комиссия

(ректордың «__» _____ 20__ жылы №__ бұйрығымен бекітілді)

«__» _____ 20__ күнгі отырыс

№__ хаттама

лауазым _____

кафедра _____

(бөлім) _____

Жарияланған бірліктердің саны _____

№	Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дауыс беру нәтижелері	
1		Келісемін	Келіспеймін
2		Келісемін	Келіспеймін

Ескерту:

1. Үміткердің тегі әліпби тәртібімен жазылады

1. Үміткерге «Ия» деп дауыс беру нәтижесі «Келіспеймін» сөзін сызып тастау жолымен, «Қарсымын» деп дауыс беру «Келісемін» сөзін сызып тастау жолымен беріледі

2. Комиссия мүшесі «Келісемін», «Келіспеймін» деп жауап берген үміткердің саны жарияланған бірліктер санынан аспауы керек.

Көрсетілген ережелердің бұзылуымен толтырылған Бюллетень жарамсыз деп танылады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру күні 2028 ж.
	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық орналасуы туралы ереже	ШҚУ Е 015-25 14 беттің 12 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

[illegible]

